



МӘДЕНИ МҰРА
ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
научный журнал

CULTURAL HERITAGE
science journal

ISSN: 2708-3365 (print)

ISSN: 3006-1377 (online)

№2 (109)

Астана
2025

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

ӘБДІҒАЛИҰЛЫ
Берік

– Саяси ғылымдарының кандидаты (алқа төрағасы) (Қазақстан)

ИБРАЕВА
Ақмарал Ғосманқызы

– алқа төрағасының орынбасары, Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

ТАЙМАҒАМБЕТОВ
Жәкен Қожахметұлы

– ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

САМАШЕВ
Зайнолла Самашұлы

– тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

АЙМҰХАМБЕТ
Жанат Әскербекқызы

– филология ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

ҮМІТҚАЛИЕВ
Ұлан Үмітқалиұлы

– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)

МЕРЦ
Виктор Карлович

– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)

ЖАБАҒИН
Мақсат

– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)

СЫДЫҚОВ
Айбек Жексеналыұлы

– PhD докторы (Қазақстан)

БИҒОЖИН
Ұлан Зейноллаұлы

– PhD докторы (Қазақстан)

САБИТОВ
Жаксылык

– PhD докторы (Қазақстан)

ДЮПЮЙ
Пауло

– PhD докторы (Қазақстан)

ҚАРА
Әбдуақап

– доктор, профессор (Түркия)

ШАМИЛЬОГЛУ
Юлай

– PhD, профессор (АҚШ)

АЙТПАЕВА
Гулнара Амановна

– филология ғылымдарының докторы, профессор (Қырғызстан)

РАДИВОЖЕВИЧ
Мильяна

– PhD, қауымдастырылған профессор (Ұлыбритания)

EDITORIAL BOARD:

Berik Abdygaliuly	– Candidate of Political Science (Chairman of the editorial board) (Kazakhstan)
Akmaral Ibrayeva	– Deputy chairman of the editorial board, Academician of the National Academy of Natural Sciences of Kazakhstan, Doctor of historical sciences, Professor (Kazakhstan)
Zhaken Taimagambetov	– Academician of NAS RK, Doctor of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan)
Zainolla Samashev	– Doctor of Historical Sciences, (Kazakhstan)
Zhanat Aimukhambet	– Doctor of Philology, Professor (Kazakhstan)
Ulan Umitkaliev	– Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Victor Merts	– Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Maxat Zhabagin	– Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Aibek Sydykov	– Doctor PhD (Kazakhstan)
Ulan Bigozhin	– PhD (Kazakhstan)
Zhaxylyk Sabitov	– PhD (Kazakhstan)
Paula Dupuy	– PhD (Kazakhstan)
Kara Abdulvahap	– Doctor, professor (Turkey)
Uli Shamiloglu	– PhD, professor (USA)
Gulnara Aitpaeva	– Doctor of Philology, Professor (Kyrgyzstan)
Radivojevic Miljana	– PhD, Associate professor (UK)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

ӘБДІҒАЛИҰЛЫ
Берік

– Кандидат политических наук (председатель коллегии) (Казахстан)

ИБРАЕВА
Акмарал Госмановна

– заместитель председателя коллегии, Академик Казахстанской национальной академии естественных наук, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

ТАЙМАГАМБЕТОВ
Жакен Кожаметович

– Академик НАН РК, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

САМАШЕВ
Зайнолла Самашевич

– доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

АЙМУХАМБЕТ
Жанат Аскербековна

– доктор филологических наук, профессор (Казахстан)

УМИТКАЛИЕВ
Улан Умиткалиевич

– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)

МЕРЦ
Виктор Карлович

– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)

ЖАБАГИН
Максат

– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)

СЫДЫКОВ
Айбек Жексеналыевич

– PhD доктор (Казахстан)

БИГОЖИН
Улан Зейноллаулы

– PhD доктор (Казахстан)

САБИТОВ
Жаксылык

– PhD доктор (Казахстан)

ДЮПЮЙ
Пауло

– PhD доктор (Казахстан)

КАРА
Абдукап

– Доктор, профессор (Турция)

ШАМИЛЬОГЛУ
Юлай

– PhD, профессор (США)

АЙТПАЕВА
Гулнара Амановна

– доктор филологических наук, профессор (Кыргызстан)

Радивожевич Мильяна

– PhD, ассоциированный профессор (Великобритания)

МАЗМҰНЫ / CONTENT / СОДЕРЖАНИЕ

Археология / Archaeology / Археология

<i>Молдахмет А.</i> 2001–2008 жылдары Қаратауда жүргізген археологиялық зерттеулер (Тұран археологиялық экспедициясы материалдары негізінде)	
<i>Молдахмет А.</i> Археологические исследования в Каратау в 2001–2008 годах (по материалам Туранской археологической экспедиции)	
<i>Moldakhmet A.</i> Archaeological research the Karatau mountains in 2001–2008 (based materials of the Turan archaeological expedition).....	6
<i>Shametov S., Eraliyeva S., Nurakhmetova K., Orazov T.</i> Archeological monuments of Turkestan region in the Turkestan archaeological expedition research	
<i>Шаметов С.Т., Ералиева С.А., Нурахметова Қ.А., Оразов Т.Б.</i> Түркістан археологиялық экспедициясы зерттеулеріндегі Түркістан өңірінің археологиялық ескерткіштері	
<i>Шаметов С.Т., Ералиева С.А., Нурахметова К.А., Оразов Т.Б.</i> Археологические памятники Туркестанского края в исследованиях Туркестанской археологической экспедиции.....	26
<i>Кузнецова Т.</i> О роли зеркал в погребальном обряде скифо-сарматской эпохи	
<i>Кузнецова Т.</i> Скиф-сармат дәуіріндегі жерлеу рәсіміндегі айнаның рөлі	
<i>Kuznetsova T.</i> On the role of mirrors in the funeral rites of the Scythian-Sarmatian era.....	37
<i>Абилева Н.М., Аққошқарова Ж.Т.</i> Орталық Азия елдеріндегі қыш өндірісінің этнографиясы	
<i>Абилева Н.М., Аққошқарова Ж.Т.</i> Этнография гончарства стран Средней Азии	
<i>Abileva N.M., Akkoshkarova Zh.T.</i> Ethnography of pottery of Central Asian countries.....	68
<i>Мұстажап А.Ш.</i> Ортағасырлық Сарайшықтың қыш өндірісі: археологиялық және мәдениеттанулық талдау	
<i>Мұстажап А.Ш.</i> Гончарное производство средневекового Сарайшыка: археологический и культурологический анализ	
<i>Mustazhap A.Sh.</i> Pottery Production in Medieval Saraishyk: an archaeological and cultural analysis.....	84
<i>Каримова К.Г.</i> З. Самашевтің ортағасырлық қала мәдениетіне қатысты зерттеулері (Сарайшық қаласы негізінде)	
<i>Каримова К.Г.</i> Исследования З. Самашева, Посвящённые культуре средневековых городов (на примере города Сарайшык)	
<i>Karimova K.G. Z.</i> Samashev's research on medieval urban culture (based on the example of the city of Saraishyq).....	97
<i>Рысбергенев М.</i> Функционально-семантические интерпретации курганов с каменными грядами: историографический обзор	
<i>Рысбергенев М.</i> Тас қатарлары бар қорғандардың функционалды-семантикалық түсініктемелері: тарихнамалық шолу	
<i>Rysbergenov M.</i> Functional and semantic interpretations of kurgans with stone alignments: a historiographical review.....	109

Этнология / Ethnology /Этнология

<i>Мәулет. А.</i> Шыңжаң қазақтары аспаптық музыкалық мұрасының зерттелуі	
<i>Маулет А.</i> Изучение инструментального музыкального наследия казахов Синьцзяна	
<i>Maulet A.</i> The Study of the Instrumental Musical Heritage of the Kazakhs of Xinjiang.....	126
<i>Атдаев С.</i> Кара-Шайтан – связующее звено между Мервом и Бухарой	
<i>Атдаев С.Дж.</i> Мерв пен Бұхара арасындағы бітімгер - Қара-Шайтан	
<i>Atdaev S.</i> Kara-Shaytan – a connecting link between Merv and Bukhara.....	150

Каримова К.Г.

«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы

Атырау, Қазақстан

e-mail: s.k.g.777@mail.ru

3. САМАШЕВТІҢ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛА МӘДЕНИЕТІНЕ ҚАТЫСТЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ (САРАЙШЫҚ ҚАЛАСЫ НЕГІЗІНДЕ)

Аңдатпа. Мақалада XIII-XVI ғасырлар аралығында өркендеген Қазақстан аумағындағы маңызды ортағасырлық қалалардың бірі болған Сарайшық қаласының тарихи-мәдени маңызы, қаланың қалыптасуы мен дамуы, сондай-ақ стратегиялық рөлі жан-жақты талданған. Зерттеудің негізгі мақсаты – ортағасырлық Сарайшық қаласының тарихи және мәдени мұрасын ғылыми тұрғыда зерделей отырып, оны сақтау, қорғау және насихаттау жолдарын анықтау. Сондай-ақ, ғалым - археолог Зейнолла Самашевтің аталмыш қаладағы кешенді археологиялық жұмыстарының маңызын ашып көрсету. Зерттеу барысында тарихи-археологиялық деректер негізінде талдау жасалып, салыстырмалы сипаттама беру, құжаттық материалдар мен археологиялық қазба жұмыстары нәтижелерін талдауда жүйелеу әдістері қолданылды. 3. Самашев жүргізген далалық зерттеу материалдары мен ғылыми еңбектері негізге алынып, қала дамуының кезеңдік ерекшеліктері мен мәдени-тарихи контексті кешенді түрде қарастырылды. Сарайшықтың дамуы мен сәулеттік құрылымы, тұрғындардың өмір салты, қолөнер мен сауда жүйесі археологиялық деректер негізінде сипатталған. Зерттеуде 3. Самашевтің Сарайшықты зерттеудегі сіңірген еңбегін, қазба жұмыстарының нәтижесін және Сарайшық қаласының қалыптасуы мен өркендеуінің төрт кезеңі талданып, оның көшпелі өркениет пен отырықшы мәдениеттің тоғысқан орталығы ретінде маңыздылығы айқындалған. Сонымен қатар, қалашықты сақтап қалуға байланысты өзекті мәселелер мен атқарылған жұмыстар туралы деректер ұсынылған. Қаланың Ұлы Жібек жолының бойында орналасып Алтын Орда, Ноғай Ордасы және Қазақ хандығы кезеңіндегі сауда, мәдениет және әкімшілік орталық ретіндегі маңыздылығы және табиғи факторлар әсерінен қаланың жойылу қаупі және оны сақтау жолдары да қарастырылған.

Кілт сөздер: Сарайшық, Зейнолла Самашев, Алтын Орда, Ноғай Ордасы, Қазақ хандығы, археология.

Дәйексөз үшін: Каримова К.Г. 3. Самашевтің ортағасырлық қала мәдениетіне қатысты зерттеулері (Сарайшық қаласы негізінде) // Мәдени мұра. 2025. No2 (109). 97- 108 бб.(қаз.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2025.v22.i2.06>

Кіріспе

Қазақстан тарихына үңілсек, ортағасырлық қалалардың орны мен маңызы ерекше көзге түседі. Солардың ішіндегі ең көне, тарихы тереңнен бастау алатын қаланың бірі - Сарайшық қаласы. Бұл көне шаһардың тарихы, мәдениеті, құрылымы мен қалалық өмірі, сондай-ақ оның стратегиялық орнымен өркениеттік маңызы қазіргі зерттеулер мен археологиялық қазбалар арқылы жан-жақты ашып зерттелуде. Сарайшықтың гүлдену кезеңдері Алтын Ордамен Қазақ хандығы дәуіріндегі рөлі, қаланың құрылысы, сауда мен қолөнердің дамуы, монша кешендері, мешіттері мен шеберханалары, сондай-ақ Зейнолла Самашев сынды белгілі археологтардың жүргізген кешенді зерттеулері – бұл қала тарихын бүгінгі ұрпаққа жаңаша қырынан танытып отыр. Зерттеуде Сарайшық қаласының ежелгі дәуірлерден бастап ХХІ ғасырға дейінгі даму жолы мен тарихи-мәдени маңыздылығы жан-жақты қарастырылады.

Сарайшық қаласы ХІІІ – ХVІ ғасырларда Алтын Орда, Ноғай Ордасы және Қазақ хандығы дәуірлерінде маңызды сауда, мәдени және саяси орталық болғаны көпшілікке белгілі. Қаланың дамуы әлемдік өркениет тарихында ерекше маңызы бар Ұлы Жібек жолымен тығыз байланысты. Сарайшықтың тарихи маңыздылығы оның Шығыс пен Батыс өркениеттерін байланыстырған стратегиялық ролінде және Қазақ хандарының алғашқы пантеоны ретінде қызмет атқаруында жатыр. Сарайшық өзге қалалармен қатар, Ертістен Дунайға дейінгі ұлан-байтақ өлкені билеген, кейінірек Алтын Орда аталған империя – Жошы Ұлысының алғаш құрылған

бірінші онжылдығында салынған. Бұл қалалардың құрылыстары алғашында нөкер, ноян және басқа да ел басқарушы шонжарлар үшін Сарай және әкімшілік ғимараттар ретінде бой көтерген.

Ондағы орталық ғимараттың төңірегінен кейінірек біртіндеп қолөнершілер, еркін тұрғындар, көпестер және т.б. әр түрлі адамдарға арналған үйжайлар салынған. Сарайшық сондай қалалардың бірі еді. Оның стратегиялық жағынан Еуропа мен Азияның түйісер тұсынан ұтымды орнығуы, Еуропа елдері мен Еділдің бойындағы Алтын Орда астаналарынан (Сарай-Бату және Сарай-Берке) Хорезм шаһарына, Иран, Үндістанға және Қытайға баратын құрлықаралық керуен жолының қауіпсіздігін қамтамасыз етті (Тасмағамбетов, Самашев, 2001: 12)

Материалдар мен зерттеу әдістер

Бұл зерттеуде негізгі материал ретінде Сарайшық қалашығында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелері, нумизматикалық деректер (монеталар), археологиялық жәдігерлер (қыш ыдыстар, құрылыс қалдықтары, монша кешендері), жазбаша дереккөздер (ортағасырлық авторлар: Өтеміс-хажы, Әбілғазы Баһадүр хан, С. Герберштейн), сондай-ақ, отандық зерттеушілердің еңбектері қолданылды. «Сарайшық» музей қорындағы археолог Зейнолла Самашевтің жеке қоры пайдаланылды. Зерттеу барысында әртүрлі ғылыми әдістер кешенді түрде қолданылды. Ең алдымен, археологиялық әдіс арқылы жүргізілген қазба жұмыстары нәтижесінде табылған мәдени қабаттар мен жәдігерлер талданды. Бұл деректер құрылыс-археологиялық әдіспен толықтырылып, қала құрылысы мен

сәулет ерекшеліктері, қабырғалар мен тұрғын үйлердің құрылымы жан-жақты зерттелді. Нумизматикалық әдіс саясында табылған дирхемдер мен өзге де тиындар сараланып, олардың көмегімен қаланың тарихи хронологиясы нақтыланды. Сонымен қатар, жазба деректерді талдау әдісі арқылы ортағасырлық шежірелер мен еуропалық саяхатшылардың жазбалары салыстырылып, тарихи оқиғалар мен қаланың саяси маңызы анықталды. Қаланың орналасуы мен қорғаныс жүйелерін анықтауда картографиялық және географиялық тәсілдер қолданылып, өзен арналары мен табиғи бедерлермен байланысы зерттелді. Нәтижесінде, салыстырмалы талдау әдісі негізінде Сарайшықтың архитектуралық және мәдени ерекшеліктері басқа ортағасырлық қалалармен — Сарай-Бату, Хорезм, Сырдария бойындағы қалалармен салыстырылып, оның тарихи контекстегі орны мен ерекшелігі айқындалды.

Сарайшық қаласының тарихы мен мәдени мұрасы отандық және шетелдік ғалымдардың назарын бұрыннан аударып келеді. Алғашқы деректер XIV–XVII ғасырлардағы жазба ескерткіштер мен саяхатшылардың еңбектерінен бастау алады. Алайда, жүйелі археологиялық зерттеу жұмыстары XX ғасырдың екінші жартысынан бастап қарқын алды. Атап айтқанда, белгілі археолог Зейнолла Самашевтің жетекшілігімен жүргізілген қазба жұмыстары нәтижесінде қалашықтың құрылымы, мәдени қабаттары мен сәулет ерекшеліктері жайлы тың деректер алынды. Ортағасырлық қаланың пайда болуы мен дамуында, тарихи құндылығын жоймай, өткен ғасырды

бүгінгі күнге жалғаған тұлғаларымыз жетерлік. Қазіргі Сарайшық қалашығының маңыздылығын көтеріп, сақталуына зор үлес қосқан және қаланың іргесі «VIII ғасыр, тіпті одан да әрірек болуы мүмкін» деп болжам жасаған белгілі археолог Зейнолла Самашев болатын (Муфтах, 1998: 12). Сонымен қатар, қалашық аумағында жүргізілген нумизматикалық, құрылыс-археологиялық және салыстырмалы тарихи зерттеулер оның Алтын Орда мен Ноғай Ордасы кезеңіндегі дамуын нақтылауға мүмкіндік берді. Қазіргі уақытта Сарайшықтың археологиялық маңыздылығын айқындайтын жаңа материалдар ғылыми айналымға енгізіліп, оның тарихы жан-жақты зерделеніп келеді.

Археолог Самашев Зейнолла Самашұлының Қазақстандағы тарихи-мәдени мұраларды сақтап қорғауға, оларды зерттеп насихаттауға мол үлес қосқаны белгілі. Ғалымның Қазақстанның ежелгі және ортағасырлық археологиясы, тарихы, мәдениеті мен өнері саласында 200-ден астам ғылыми еңбектері әлемнің кітапханаларына таратылған.

3. Самашевтің Берел қорымын, ерте темір дәуіріндегі Шығыс Қазақстанды мекендеген тайпалардың мәдениетін зерттеп ашқан ғылыми жаңалықтары XX–XXI ғасырлардағы археология ғылымындағы басты жетістіктердің қатарында. Оның 1989 жылдан бастап Атырау облысындағы Аралтөбедегі, ортағасырлық Сарайшықтағы зерттеулері Атырау өлкесінің бай тарихи-мәдени мұраларын әлемге паш етті. Ғалымның Атыраудың көне шаһары болған ортағасырлық Сарайшық қаласына жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында қаланың тарихы мен мәдениетіне қатысты

маңызды мәліметтер анықталды.

Талдау

Археолог Сарайшықта қазба жұмыстарын 1989 жылдары жүргізе бастады. Қазақстанның солтүстік – шығыс Каспий өңіріне және онымен іргелес территориялар (Үстірт, Маңғыстау, Жем өзенінің төменгі ағысы, Сағыз, Жайық өзенінің далалық аймағы) аумағын зерттеу мақсатында ҚазКСР ҒА Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы құрылды. Экспедиция жетекшілігіне З. Самашев тағайындалды. Сарайшыққа қадам баса отырып, ғалым өзіне дейінгі Сарайшықта еңбек еткен зерттеушілердің еңбектерімен мұқият танысады (Мұқтар, 2024: 189)

Ғалым қазба және жазбаша деректеріне сүйене отырып, қаланың өмір сүру процесін төрт кезеңге бөліп қарастырады. Бірінші кезең XIII ғасырдың ортасында Өзбек хан билігінің басталуына дейінгі, яғни 1312 жылға дейін қала құрылысының басталуына келеді. Елбарыс ханның хатшысы Өтеміс-хажы «Шыңғыс наме» шығармасында Берке хан (1257-1266 жж.) Иранның елханына қарсы жорығы туралы «Олар Сарайдан өткенше бес жүз әскер болса, Еділ өзенінің жағасына жеткенше, мың бес жүз әскер жиналды». Сол кездегі қаланың бар екендігі туралы Хиуа билеушісі және XVII ғасырдағы тарихшы Әбілғазы Баһадүр хан (1644-1664): «...Бір кездері Берке хан өзінің үлкен ағасы құрған Сарайшық қаласына барды. Мұнда ол Бұхарадан келген үлкен керуенді көрді...» (Абулғазы, 1966: 99); Әзірге қалашықтың төменгі қабаттарынан табылған ең көне тиын-дирхем Еділдің Укекқаласында соғылған, ол Меңгу Темір ханға (1266-1282жж.) тиесілі болды. XIII ғасырдың аяғында Тоқтаханның

(1291 - 1313 жж.) дирхемдері соғыла бастады. Қаланың құрылысы көшпелі қалаларды салу дәстүрлерін ескере отырып, бірыңғай тәртіппен жүзеге асырылған. Ғимараттың сәулетінде, олардың ішкі әрлеу сәулеттерінде Төменгі Еділ, Хорезм және Сырдария қалаларының дәстүрлері тоғысқан. Үйлер негізінен кірпіштен жасалған, әрқайсысы 2-4 бөлмеден тұрған, көлемі 4 x 5 метр болатын.

Тұрғын жайларда бөлмелерде көлденең мұржалар орналасқан және арналармен жылытылатын суфалар да болды. Қабырғалар сазбен сыланған және ағартылған. Үйлерде қойма бөлмелері болды. Үй-жайларда ыдыс-аяқ табылды: әр түрлі пішінді саз құмыралар, тағаралар, құмғандар және жергілікті қолөнершілер жасаған қыш қазандықтарда көптеп кездеседі. Оларды жергілікті жерде кашиннен жасалған және жылтыр көгілдір пируза түстес бояулармен әрленген құмыралар толықтырды. Аңыз бойынша қытай ақсүйектері қолданған «у» ға өз әсерін беретін, қымбат жасыл қытайлық фарфордан жасалған селадон кесесі де табылған. Қала маңындағы көшелерде, өзен арналарының жанында егіндер мен бақтар болды. Бұл жерлерде қызыл саз құмыралардың қалдықтары және шығыр қондырғыларына арналған тұтқалары жоқ құмыра тәрізді ыдыстардың көптеген сынықтары кездеседі (Самашев и др, 2006: 82);

Қала өмірінің екінші хронологиялық кезеңі XIV ғасырдың екінші ширегінен басталады. Алтын Орда да Өзбек ханның билік құрған дәуірімен сәйкесіп (1312-1342жж), Өз-Жәнібек (1342-1357жж) кезеңімен аяқталады. Қала Өз-Жәнібек тұсында мемлекет ең үлкен тұрақтылығы мен гүлдену кезеңінде болып, нығайды. Көптеген қалалар

көтеріліп, Сарайда даму үрдісі жүрді. Мемлекет нарығында көп мөлшерде күміс және мыс тиындардың саудасы жүрді. Олардың едәуір бөлігі қалашықтан да табылды. Хронологиялық кестеге сай олардың табылған жерлері Жайық өзенінің көп тасыған кезеңіне сәйкес келеді. Қаланың шеттерін су басып, қала Жайық өзенінен оңтүстікке қарай ағып жатқан Сарайшық өзеніне қарама-қарсы биіктікке шоғырланды. Бұрынғы ғимараттар бұзылып, қала тұрғындары олардың орнына бұрынғы жобамен жаңадан ғимараттар тұрғызды. Осы кезде белгілі бір қала бөліктеріне жақсы ойластырылған қалалық жобаға сәйкес кең, шамамен 5 метрлік көшелер мен алаңдар тұрғызылды. Жаңа ғимараттар кейде бұрынғыдан өзгеше болды. Қонақ бөлмелердің едәуір бөлігін суфалар алып жатты. Бөлмелерді бөлетін ішкі қабырғалар көбінесе жақтаумен жасалды. Қабырғалар мен суфалар сыланып, ақталып, кілемдер мен киіздер төселді. Қалашықтың жарлауыт жерінен моншалардың қалдықтары табылды. Едендер күйдірілген кірпіштен жасалған және төменгі жағында арнайы жылыту орындары болды. Моншалардың бірінде ыстық суға арналған үлкен хұм мен пайдаланылған суды сырттағы шұңқырға құятын арық табылды. Суды үлкен шойын және қола қазандарда қайнатқан. Моншалардың бірі кішкентай, ұзындығы шамамен 10 метр, бір әулетке ғана арналған, ал кейбіреулерінің ұзындығы 15 метрден асады. Олар Алтын Ордада қоғамдық моншалардан басқа, кішігірім адамдар тобына арналған әулеттік немесе сарай моншалары да кең таралғанын көрсетеді (Қожа, 2006: 168).

Қаланың оңтүстік-батыс бөлігінде, қаланың шетіне жақын жерде,

1998 жылы әр түрлі формадағы күйдірілмеген ыдыстардан көптеген сынықтары табылды. Бұл жақын маңда қыш ыдыстарды өндіретін арнайы шеберханалар болғандығының дәлелі. Сарайшықта қыш ыдыстар негізінен үш түрге бөлінді. Бірінші типке қызыл саздан жасалған бұйымдар кіреді. Олар пішіндері әртүрлі және ең көп тараған топ болды. Бұлар: құмыралар, тағаралар, тостағандар, шамдар, хұмдар және т.б. Өнімдердің бір бөлігі жылтыр, түрлі түсті боялған, әр түрлі ою-өрнектермен безендірілген. Екінші түрі көркем түрде кашиннен жасалған тостағандар, құмыралар мен вазалардан тұрады. Олардың арасында өсімдік және зооморфты ою-өрнектермен безендірілген қыш бұйымдарының озық түрлерін кездестіруге болады. Бұл түрдегі өрнектердің арасында ең танымалы Сарайшықтағы бай өмірдің сұлулығына тән құстар мен балықтардың бейнелері болды. Үшінші типке күйдірілгеннен кейін сұр түске айналатын арнайы құрамды саздан жасалынған штампталған құмыралар мен сұйықтар құятын ыдыстар жатады. Құмыраның сыртқы беті құстардың, өсімдіктердің, балықтардың бейнелерімен, символдық өрнектермен және философиялық мазмұндағы мәтіндермен штампталған бедерлі ою-өрнектермен әсемделді.

1360-1370 жылдар аралығында, қала өмірінің үшінші хронологиялық кезеңінде Алтын Ордада ақсүйектер арасында тақ үшін қақтығыс басталды. Ақсүйектер экономикалық күшке ие бола отырып, өз бетімен билеуге ұмтылды. Табылған монеталардан 1370 жылдары Сарайшықта үлкен сарай ғимараттары тұрғызылғанын анықтауға болады. Олардың бірі 1997-2000 жылдары аралығында зерттелген

«Хана» үлгісіндегі қонақүйлер. Мұндай кешендер қаланың құрметті қонақтары: көпестер, қажылар және саяхатшылар үшін салынды. Табылған құрылыс қабырғасы қалың кірпіштен қаланған екі метрлік платформаға салынған, өлшемі 20x25 м төртбұрышты құрылымға ұқсайды. Ол тікелей кәдімгі көп пәтерлі үйдің үстіне тұрғызылды, оның қабырғалары құрылымының қаңқасының негізін құрады және оны нығайтты.

Қала өміріндегі төртінші кезең XV-XVI ғасырларға келеді. Осы кезеңде Жайық бойында орналасқан тұрғын жерлер босап, халық қаланың оңтүстік ауданында, қаланың солтүстік-батыс шетіндегі Жайықтан ағып, оны батыстан айналып өткен Сарайшық өзенінің қазіргі құрғақ арнасының бойында шоғырлана бастайды. Бұл өзеннің ағысы өте күшті, сазды топырақтарға байланысты үнемі өзгеріп отырады. Шамасы, сол кезде өзен арналарының торында тағы да табиғи өзгерістер болды. Австрияның Мәскеудегі елшісі Сигизмунд Герберштейн 1549 жылы: «Қазан татарлары деп біз ең алдымен ноғайлар» деп аталатын татарларды кездестіреміз. Олар Еділден тыс жерде, Каспий теңізінің жанында, Сібір аймағынан ағып жатқан Яик өзенінде тұрады. Оларда хан билігі жоқ, тек билер дәрежесі болды. Орданың астанасы Сарайшық қаласы болды. Ноғай халқының көпшілігі түрік тілдес маңғыт тайпасы болғандықтан «маңғыт елі» деп те аталған. Әр түрлі рулар мен тайпалардың саяси бірлестігіне негізделген Ноғай ордасының құрамына жиырмадан астам тайпалар кірді. Ноғай кезеңіндегі Сарайшық Жайық өзені арнасы мен Сарайшық өзені арнасынан құралған үшбұрышта орналасқан. Барлық

жағынан оны бекініс қабырғалары қоршаған. Бекіністердің қалдықтары XIX ғасырдың ортасына дейін сақталды (Самашев т.б., 2000:85 - 89).

Нәтижелер

Бірінші кезең бойынша. Саяси – тарихи контекстте Берке хан (1257–1266 жж.) кезінде қала стратегиялық маңызға ие болған. Өтеміс-хажының дерегінде көрсетілгендей, Еділ бойындағы әскери жорық кезінде әскер саны артқан — бұл халықтың шоғырлануын және қала маңында тұрақты өмірдің болғанын білдіреді. Ал, Әбілғазы Баһадүр хан Сарайшықты «ағасы салған қала» деп атап, онда үлкен керуендер келгенін еске алады - бұл оның сауда жолындағы рөлін дәлелдейді. Сарайшықта жүргізілген археологиялық айғақтарда ең көне табылған тиын Меңгу Темір ханға (1266–1282 жж.) тиесілі, бұл қала өмірінің XIII ғасырдың аяғында белсенді болғанын растайды. Тоқта хан (1291–1313 жж.) тұсында да ақша соғу жалғасып, қаланың экономикалық тіршілігі болғанын көрсетеді. Қала құрылысы мен сәулетіне тоқталатын болсақ, Сарайшықтың құрылысы көшпелі мәдениетке тән үлгіде, бірақ тұрақты өмір салтына бейімделген түрде салынған. Ғимараттар кірпіштен тұрғызылып, 2–4 бөлмелі үйлерден тұрған. Жылытылатын суфалар, көлденең мұржалар, қойма бөлмелері болған. Ішкі әрлеу Төменгі Еділ, Хорезм, Сырдария сәулет дәстүрлерін біріктірген. Материалдық мәдениеттің нышаны болған қолөнер бұйымдары, саз құмыралар, тағаралар, селадон фарфор кеселері, көгілдір жылтыр бояумен әрленген құмыралар қалада дамыған тұрмыстық мәдениеттің айғағы болып табылады.

Екінші кезең бойынша. XIV ғасырдың орта шенінде, Алтын Ордадағы саяси тұрақтылық пен экономикалық өркендеудің арқасында қала өзінің дамуының жаңа сатысына өтті. Бұл кезеңде әкімшілік жүйенің орнығуы, сауда қатынастарының кеңеюі және ішкі инфрақұрылымның жетілдірілуі байқалды. Аталған уақыт аралығында ақша айналымы қарқын алып, күміс және мыс теңгелердің белсенді пайдаланылғаны анықталды. Осы тиындардың біршамасы қазба жұмыстары кезінде қала аумағынан табылған. Географиялық жағдайға байланысты, өзеннің тасуынан қауіп төнгендіктен, елді мекеннің құрылымы қайта қаралып, тұрғындар мекенді анағұрлым қауіпсіз әрі биік аумаққа көшіруге мәжбүр болған. Бұл өзгеріс нәтижесінде бұрынғы құрылыстар бұзылып, сол орындарға жаңа нысандар тұрғызылды. Археологиялық айғақтарға сәйкес, қаланың жоспарлануы ретке келтіріліп, шамамен 5 метрлік кең көшелер мен қоғамдық алаңдар пайда болды. Құрылыс барысында ішкі кеңістіктің функционалдығы мен жайлылығына ерекше көңіл бөлінді.

Тұрғын үйлерде жылу жүйелері жетілдірілді: бөлмелерде от жағылатын орындар мен жылыту арналары болды. Суфалар кеңінен қолданылып, үй ішіндегі бөліністер жақтау құрылымдарымен жасалды. Қабырғалар мен интерьер элементтері ақ балшықпен сыланып, ішкі әрлеу үшін жұмсақ жабындар пайдаланылды. Бұл кезеңде монша кешендері де кең тарады. Олардың кейбірі қоғамдық мақсатта болса, енді біреулері жекелеген әулеттерге арналған болатын. Моншаларда едендер кірпішпен төселіп, жылу жүйесі төменгі жағынан

іске қосылған. Су жылытатын үлкен ыдыстар мен пайдаланылған суды сыртқа шығаратын дренаж жүйесі де болған.

Қала маңындағы шеберханаларда керамикалық бұйымдар өндірісі дамыды. Қазба нәтижелерінен күйдірілмеген ыдыс сынықтарының көптеп табылуы осы өңірде қыш өнеркәсібінің жолға қойылғанын көрсетеді. Өндірілген бұйымдар үш топқа жіктеледі: қызыл балшықтан жасалған тұрмыстық ыдыстар - бұл топқа күнделікті қолданылатын құмыралар, тостағандар, шамдар мен хұмдар жатады; көркем қыштар - кашин технологиясымен жасалған вазалар мен тостағандар көркемдік жағынан ерекшеленеді. Өсімдік пен жануарлар әлемін бейнелейтін нәзік өрнектер жиі кездеседі; сұр түсті штампталған қыштар - бұл бұйымдар күрделі құрамды саздан жасалып, бетіндегі бедерлер символдық және философиялық мазмұнға ие болған.

Үшінші кезең бойынша. XIV ғасырдың соңына таяу кезеңде Сарайшық қаласының тарихында күрделі саяси ахуал қалыптасты. Бұл уақытта Жошы ұлысының ішкі құрылымында билікке үміткер топтар арасында ықпал үшін күрес күшейді. Басқарушы топтардың арасында экономикалық ресурстарға бақылау орнатуға ұмтылыс байқалып, орталық билікке тәуелсіз әрекеттер жиілеген. Сол кезеңге жататын нумизматикалық деректер мен сәулет нысандарының қалдықтары қалада әлеуметтік құрылымның күрделене түскенін аңғартады. Атап айтқанда, археологиялық қазбалар нәтижесінде ірі көлемдегі қоғамдық кешендердің бой көтергені анықталған. Бұл құрылыстар құрметті меймандар – саудагерлер, дін жолындағы

жолаушылар мен алыс сапардан келген қонақтар үшін арнайы салынғаны белгілі болды.

Зерттелген нысандардың бірі – жоспарлы архитектуралық кешен, ол жоғары көтерілген тұғырда орналасқан, көлемі жағынан ауқымды және бекітілген құрылымға ие болған. Бұл ғимарат бұрыннан бар тұрғын үй қабаттарының негізінде салынып, төменгі деңгейдегі құрылым элементтерімен интеграцияланған. Қабырғалары қалың етіп тұрғызылып, құрылыс материалы ретінде сапалы күйдірілген кірпіш қолданылған.

Төртінші кезең бойынша. XV–XVI ғасырларда Сарайшық қаласы өзінің соңғы өркендеу кезеңдерінің бірін бастан өткерді. Бұл уақытта тұрғындар қала кеңістігінде оңтүстік және солтүстік-батыс бағытқа қарай қоныстанып, елді мекеннің құрылымында елеулі ауыс-түйістер байқалды. Өзен жүйесінің өзгермелі табиғатына байланысты халық жаңа аумақтарға шоғырлана бастады. Ағын суларының бағыты мен айналасындағы топырақ жағдайының тұрақсыздығы елді мекеннің морфологиясына да әсер еткен.

Еуропалық елшілердің, атап айтқанда Сигизмунд Герберштейннің XVI ғасыр ортасындағы жазбаларында Сарайшық маңызды саяси-экономикалық орталық ретінде сипатталған. Ол кезде қала Ноғай Ордасының орталығы болған. Бұл құрылым – түркі тектес рулар мен тайпалардың конфедерациялық бірлестігіне негізделген, билік жүйесі хандық емес, ақсүйектер мен би институттарына сүйенген. Сарайшық дәл осы ноғай кезеңінде аймақтағы маңызды қалалардың бірі ретінде орнықты.

Қаланың орналасуы табиғи қорғаныс артықшылықтарына ие болған: екі өзеннің қиылысқан аумағында, үшбұрышты жер телімінде орналасқан және барлық жағынан қорғаныс құрылыстарымен шектелген. Бұл бекіністер жаудан қорғануға және ішкі тәртіпті сақтауға арналған. Қаланың қорғаныс жүйесі ұзақ уақыт бойы сақталып, тіпті XIX ғасырдың ортасына дейін оның қалдықтары көзге түскен.

Қорытынды

Сарайшық – Қазақстан аумағындағы ең көне және мәдени-тарихи жағынан аса құнды ортағасырлық қалалардың бірі. Оның XIII–XVI ғасырлар аралығындағы дамуы Жошы ұлысы, Алтын Орда, Ноғай Ордасы мен Қазақ хандығының саяси және экономикалық тарихымен тығыз байланысты болды. Қала Шығыс пен Батыс өркениеттерін жалғаған Ұлы Жібек жолы бойындағы маңызды сауда, мәдени және әкімшілік орталық ретінде ерекше орын алды.

Археологиялық, нумизматикалық және жазба деректерге негізделген зерттеулер Сарайшықтың құрылыс жүйесі, тұрмыс мәдениеті, саудасаттық ауқымы мен қолөнер өндірісінің жоғары деңгейде дамығанын көрсетеді. Қаланың кезеңдік даму сатылары – оның аймақтық геосаяси процестермен етене байланыста өрбігендігін айғақтайды. Әсіресе, тұрғын үй құрылыстары, қоғамдық ғимараттар, монша кешендері мен керамикалық шеберханалар қаланың ішкі инфрақұрылымының жетілдірілгенін көрсететін негізгі археологиялық дереккөздер болып табылады.

Бұл маңызды ескерткіштің ғылыми тұрғыда жан-жақты зерттеліп, кең көлемде таныстырылуына археолог Зейнолла Самашевтың еңбегі ерекше.

Ғалымның бастамасымен және жетекшілігімен жүргізілген кешенді қазба жұмыстары нәтижесінде Сарайшықтың тарихи бейнесі жаңаша ғылыми контексте ашылды. Оның археология, этнология, сәулет және мәдениеттану салаларындағы еңбектері – отандық ғылым үшін құнды мұра болып табылады. Сонымен қатар, Сарайшық қалашығының физикалық жойылу қаупі XX–XXI ғасырлар тоғысында өзекті мәселе ретінде көтерілді. Жайық өзенінің жағалауын бекіту немесе арнасын бұру сынды ұсыныстар З.Самашев тарапынан тиісті мемлекеттік органдарға жеткізілді. Бұл

бастама аясында қалашықты сақтап қалуға бағытталған гидротехникалық жобалар қолға алынып, тарихи мұраны қорғау мен қайта жаңғырту ісіне нақты қадамдар жасалды. Бүгінгі күні Сарайшық тек өткеннің көзі ғана емес, ұлттық жадыны сақтаушы нысан ретінде қарастырылып, тарихи-мәдени мұралар тізімінен орын алуда. Қалашықта Зайнолла Самашевтың салған ізімен археологиялық зерттеулер жалғасып, жаңа мәліметтер ғылыми айналымға еніп жатыр. Бұл үдеріс болашақ ұрпаққа ортағасырлық қазақ даласының рухани байлығын жеткізудің маңызды кепілі бола алады.

Әдебиет

1. Абулгазы Б., 1966. Родословное древо тюрков. Москва-Ташкент-Бишкек. 156 б.
2. Самашев З., Кузнецова О.В., 2000. Поливная керамика Сарайчика // Известия МОН РК, НАН РК. Серия общественных наук. № 1. С. 31- 41.
3. Кожа М., Самашев З., 2006. Новые материалы к изучению бань золотоордынского времени // Хабаршы вестник, №2 (41). Алматы. С. 45–52.
4. Муфтах Н. 1998. Сарайшық – хан сарайы // Ана тілі. 18.06. №24. 12 б.
5. Самашев З. и др., 2006. Монеты Сарайчика. Алматы. 184 с.
6. Тасмагамбетов И., Самашев З., 2001. Сарайчик. Алматы: ОФ «Берг». 320 с.
7. Мұқтар Ә., Ахметова У., Петров П., Тұрарұлы А., Жұмабаев А., 2024. Ортағасырлық Сарайшық: тарихи деректер, археологиясы, нумизматикасы, картографиясы. Ұжымдық монография. Алматы: «Қазақ тілі» баспасы. 368 б.
8. Сарайшық музей қорығы қоры (З. Самашев жеке қоры)

References

1. Abulgazy B., 1966. Rodoslovnoe drevo tyurkov [The Genealogical Tree of the Turks]. Moskva–Tashkent–Bishkek. 156 p. [in Russian]
2. Samashev Z., Kuznetsova O.V., 2000. Polivnaya keramika Saraychika [Glazed Ceramics of Sarayshyq] // Izvestiya MON RK, NAN RK. Seriya obshchestvennykh nauk [Bulletin of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, National Academy of Sciences. Series of Social Sciences]. No. 1. pp. 31–41. [in Russian]
3. Kozha M., Samashev Z., 2006. Novye materialy k izucheniyu ban Zolotoordynskogo vremeni [New Materials for the Study of Golden Horde-Era Baths] // Khabarshy. Vestnik [Herald Bulletin], No. 2 (41). Almaty. pp. 45–52. [in Russian]
4. Muftakh N., 1998. Sarayshyq – khan saraiy [Sarayshyq – The Khan's Palace] // Ana tili [Ana Tili Newspaper]. 18.06. No. 24. 12 p. [in Kazakh]
5. Samashev Z. i dr., 2006. Monety Saraychika [Coins of Sarayshyq]. Almaty. 184 p. [in Russian]

6. Tasmagambetov I., Samashev Z. 2001. Saraychik [Sarayshyq]. Almaty: OF "Berg". 320 p. [in Russian]
7. Mukhtar A., Akhmetova U., Petrov P., Turaruly A., Zhumabayev A., 2024. Ortagasyrlyq Sarayshyq: tarihy derekter, arkheologiyasy, numizmatikasy, kartografiyasy [Medieval Sarayshyq: Historical Sources, Archaeology, Numismatics, Cartography]. Almaty: "Qazaq tili" baspasy [Qazaq Tili Publishing House]. 368 p. [in Kazakh]
8. Sarayshyq muzei qorygy qory (Z. Samashev zheke qory) [Collection of the Sarayshyq Museum-Reserve (Z. Samashev's Private Archive)]. [in Kazakh]

Каримова К. Г

Государственный историко-культурный музей-заповедник «Сарайшык»

Атырау, Казахстан

e-mail: s.k.g.777@mail.ru

ИССЛЕДОВАНИЯ З. САМАШЕВА, ПОСВЯЩЁННЫЕ КУЛЬТУРЕ СРЕДНЕВЕКОВЫХ ГОРОДОВ (НА ПРИМЕРЕ ГОРОДА САРАЙШЫК)

Аннотация. В статье всесторонне рассматривается историко-культурное значение города Сарайшык – одного из важнейших средневековых городов на территории Казахстана, процветавшего в XIII–XVI веках. Основной целью исследования является научное осмысление исторического и культурного наследия средневекового Сарайшыка, а также определение путей его сохранения, охраны и популяризации. Особое внимание уделено значимости комплексных археологических работ, проведённых археологом Зейноллой Самашевым на территории города. Был проведён анализ, дана сравнительная характеристика историко-археологических данных, использованы методы систематизации документальных материалов и результатов археологических раскопок. На основе полевых материалов и научных трудов З. Самашева комплексно рассмотрены этапы развития города и его культурно-исторический контекст. Археологические данные описывают развитие города, архитектурную структуру, образ жизни населения, ремесло и торговую систему. В исследовании раскрывается вклад З. Самашева в изучение Сарайшыка, проанализированы результаты раскопок, а также четыре этапа формирования и расцвета города. Отмечена его важность как центра, где пересекались кочевая цивилизация и оседлая культура. Также приведены сведения об актуальных проблемах и проделанной работе по сохранению городища. Рассмотрена роль города как торгового, культурного и административного центра Золотой Орды, Ногайской Орды и Казахского ханства, расположенного на Великом Шёлковом пути, а также угрозы его разрушения под влиянием природных факторов и возможные пути сохранения.

Ключевые слова: Сарайшык, Зейнолла Самашев, Золотая Орда, Ногайская Орда, Казахское ханство, археология.

Для цитирования: Каримова К.Г. Исследования З. Самашева, Посвящённые культуре

средневековых городов (на примере города Сарайшык) // Мадени мұра. 2025. №2 (109). С. 97-108 (каз.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2025.v22.i2.06>

Karimova K.G

State Historical and Cultural Museum-Reserve «Saraishyq»

Atyrau, Kazakhstan

e-mail: s.k.g.777@mail.ru

Z. SAMASHEV'S RESEARCH ON MEDIEVAL URBAN CULTURE (BASED ON THE EXAMPLE OF THE CITY OF SARAISHYQ)

Abstract. The article provides a comprehensive analysis of the historical and cultural significance of medieval city Saraishyq. Its objective is to examine the historical and cultural heritage of Saraishyq and to identify ways to preserve, protect, and promote it. A central role is played by the archaeological work of the archaeologist Zainolla Samashev. Historical and archaeological data are analyzed and described, with systematic methods applied to both documentary sources and excavation results. Based on Z. Samashev's studies, the stages of urban development and the cultural-historical context of the city are explored. Archaeological evidence is used to describe the city's development, architectural features, the lifestyle of its inhabitants, its craft and trade systems. The study highlights Z. Samashev's contributions to the exploration of Saraishyq, analyzes the excavation findings, and outlines four stages of the city's formation and prosperity, emphasizing its role as a center where nomadic and sedentary cultures intersected. The article presents current challenges and ongoing efforts of the preservation of the site. Saraishyq served as a trade, cultural, and administrative center during the periods from the Golden Horde to the Kazakh Khanate. The threat of destruction due to natural factors and the potential measures for the city's conservation are discussed.

Keywords: Sarayshyq, Zeynolla Samashev, Golden Horde, Nogai Horde, Kazakh Khanate, archaeology.

For citation: Karimova K.G. Z. Samashev's research on medieval urban culture (based on the example of the city of Saraishyq) // Madeni mura. 2025. №2 (109). Pp. 97-108 (in Kaz.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2025.v22.i2.06>

Автор туралы мәлімет:

Каримова Карина Гибадатовна, «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы, Тарихи – мәдени мұраны қорғау бөлімінің ғылыми қызметкері, Атырау, Қазақстан.

ORCID: 0009-0002-4340-5713

Сведения об авторе:

Каримова Карина Гибадатовна, научный сотрудник отдела Охраны историко-культурного наследия Государственного историко-культурного музея-заповедника «Сарайшық», Атырау, Казахстан.

ORCID: 0009-0002-4340-5713

Information about authors:

Karimova Karina Gibadatovna, Researcher at the Department of Historical and Cultural Heritage Protection of the «Saraishyq» State Historical and Cultural Museum-Reserve, Atyrau, Kazakhstan.

ORCID: 0009-0002-4340-5713